

Бекітемін:

ЖК Н.И. Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Ж. Балғабаева

2025 жыл

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» балабақшасы

Топ: «Құлпынай» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастан

Педагогтың аты-жөні: Утегенова Г.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 2025 жыл 3 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025 ж	Сейсенбі 16.12.2025 ж	Сәрсенбі 17.12.2025ж	Бейсенбі 18.12.2025ж	Жұма 19.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)				

	Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған заттармен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін ұйымдастыру. (құрастыру) бір тұтас тәрбие Үйдегі, балабақ		Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан өзінің қысқы табиғат жайында шығармашылық жұмысын жасату (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер) Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен	Киіз үйге ішіндегі заттарын жапсыру. Ермексаздан ұлттық ыдыстарды жасау. (Шығармашылық іс-әрекеті) бір тұтас тәрбие Құрастыру материалдарынан киіз үй құрастыру. Киіз үй бөлшектерін тани білуді пысықтау. (Танымдық, іс-әрекеті)	

	ша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. (Танымдық, зерттеу іс-әрекет)		әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіруді дамыту. (музыка)		
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие				

	бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Тіл дамыту Тақырыбы: «Түбірлес сөздер» Міндеті: Түбір және туынды сөз ұғымын бекіту Түбірлес сөздерді қолдану Әдісі: сөзжұмбақ, салыстыру, ойын Тапсырмасы: «Түбірін тап» ойыны (мысалы: гүл – гүлзар – гүлдеді) Сурет бойынша түбірлес сөз құрау	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көрініс құрастыру» Міндеті: Көркем шығармадан сахналық көрініс жасауға үйрету Кейіпкерлер арасындағы диалогты дұрыс қолдану Әдісі: сахналау, топтық жұмыс, бағытталған сұрақтар Тапсырмасы:	Математика негіздері Тақырыбы: «Пішіндер әлемін зерттейміз» Міндеті: Пішіндерді өз бетінше зерттеуге үйрету Ойлау және танымдық белсенділікті арттыру Әдісі: зерттеу, бақылау, ойын Тапсырмасы: Пішіндердің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтау «Зерттеуші бала» ойыны	Қазақ тілі «Мал шаруашылығы» Тілдік дамытушы орта: Қазақтың төрт түлігімен танысу: жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «Жылқы», «қой» сөздерін анық айту. Сөздік қор: Жаңа сөздер: жылқы, түйе, бие, төл, өріс. Грамматикалық құрылым: Сөздерді тәуелдеп қолдану: <i>менің жылқым, сенің түйең.</i> Байланыстырып	Математика негіздері Тақырыбы: «Пішіндерден сурет құрау» Міндеті: Пішіндерді қолдана отырып бейне жасауға үйрету Қолдың ұсақ моторикасын дамыту Әдісі: жапсыру, құрастыру, шығармашылық жұмыс Тапсырмасы: Дөңгелек пен үшбұрыштан үй, шаршы мен тіктөртбұрыштан терезе жасау «Пішіндерден

	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қимыл бағытын сақтау» Міндеті: Жазу бағыттарын меңгерту (жоғарыдан төменге, солдан оңға) Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру Әдісі: жаттығу, көрнекі үлгімен жазу, ойын Тапсырмасы: Жолақ дәптерде түзу сызықтар салу «Кім тез әрі ұқыпты сызады?» жарысы Дене тәрбиесі	«Бауырсақ» ертегісінен көрініс дайындау Диалог құру: «Қоян мен Бауырсақтың кездесуі» Сауат ашу Тақырыбы: «Сызықтар мен өрнектер» Міндеті: Сызықтарды үзбей салуға дағдыландыру Қимылдың үйлесімділігін арттыру Әдісі: үлгі бойынша жазу, көрнекілік, саусақ жаттығулары Тапсырмасы: Толқын, ирек, шеңбер тәрізді сызықтар салу «Бұлттар мен	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қаламды дұрыс ұстау» Міндеті: Қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстауға үйрету Қол бұлшықеттерін шынықтыру Әдісі: тәжірибелік, жаттығу, көрнекілік Тапсырмасы: Қалам ұстау үлгісін көрсету және қайталау Сызықтарды жоғарыдан төмен, солдан оңға жүргізу Дене тәрбиесі Жалпы	сөйлеу: «Төрт түлік – ел байлығы» тақырыбында әңгіме айту. Ойын: «Төрт түлікті тап!» Жануарлардың суреттерін атап, дауысын келтіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Сахнадағы қимыл мен әрекет» Міндеті: Кейіпкердің қимыл-қозғалысын бейнелеу дағдыларын қалыптастыру Сахна мәдениетін үйрету Әдісі: қимыл жаттығулары, сахна репетициясы Тапсырмасы: Қимыл арқылы кейіпкердің көңіл күйін көрсету	сурет сал» тапсырмасы Қазақ тілі «Аңшылық пен егіншілік» Тілдік дамытушы орта: Аң аулауға, егін егуге қажетті құралдармен танысу (орақ, шалғы, қақпан). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «Орақ», «шалғы» сөздерін дұрыс айту. Сөздік қор: Жаңа сөздер: егін, қақпан, аңшы, жер, құрал. Грамматикалық құрылым: Сөйлем құрастыру: <i>Аңшы орманға барды. Егінші жер жырты.</i> Байланыстырып
--	---	---	---	---	---

	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды шеңбермен айналдыру, шапалақ соғу, отырып-тұру, аяқты артқа серпу (10 рет). Негізгі қимыл: Бөренеден және құрсаудан аттап өту, кедергілер арасымен жүру. Қимылды ойын: «Кім тез жүгіріп келеді?» — белгі бойынша старт және мәре сызығына жету. Спорттық элемент: Шанамен еңіске сырғанау және тежеуді үйрену.	жаңбыр тамшылары» сурет салу жаттығуы Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Жұппен арқа мен іш бұлшықеттерін күшейту жаттығулары (10 рет). Негізгі қимыл: Гимнастикалық скамейка бойымен етпеттеп жылжу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.	дамытушы жаттығулар: Қол мен иықты айналдыру, созылу, отырып-тұру. Негізгі қимыл: Арқан астынан еңбектеу, құрсауға еңкейіп өту, доппен кедергілер арасымен жүру. Қимылды ойын: «Доп кімге тиді?» — шапшаң әрекет ету және бағытты бақылауға арналған ойын. Спорттық жаттығу: Шанамен төбеден түсу, тежеу және бұрылу техникасын меңгеру.	Рөлдік ойын «Аю мен түлкі орманда» Математика негіздері Тақырыбы: «Қағазды бөліктерге бөлу» Міндеті: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлуді үйрету Бүтін мен бөліктің арақатынасын түсіндіру Әдісі: практикалық жұмыс, бақылау Тапсырмасы: Қағазды бүктеп тең жартысын көрсету Тең және тең емес бөліктерді салыстыру Музыка «Күй – қазақтың жүрегі»	сөйлеу: Сурет бойынша егіншілік пен аңшылық еңбегі туралы әңгімелеу. Ойын: «Құралды таны!» Тәрбиеші сипаттайды, бала құралдың атын табады. Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: «Батырлар ерлігі – елге мұра» Міндеті: Балаларға Отан қорғаған батырлар туралы айту; патриоттық сезімін арттыру. Әдісі: бейнежазба көру, әңгіме, көрініс. Тапсырмасы: Бауыржан
--	---	---	--	--	--

Гигиеналық дағды: Асхана құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану әдебін сақтау. Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: «Қазақстан әскерін қорғайтын батырлар» Міндеті: Отан қорғаушылардың еңбегін құрметтеу. Әдісі: рөлдік	Қимылды ойын: «Күн мен түн» — музыка ырғағына сәйкес жүгіру және тоқтау. Спорттық ойын элементі: Хоккей жарысы — екі топ арасында бағыт пен дәлдікке арналған тапсырмалар. Салауатты өмір салты: «Денемізді шынықтырамыз» тақырыбында қысқа сергіту сәті	Тіл дамыту Тақырыбы: «Етістіктер әлемі» Міндеті: Етістіктерді дұрыс қолдануға үйрету Сөйлемде жалғауларды дұрыс қосу Әдісі: сұрақ-жауап, ойын, сөйлем құрау Тапсырмасы: «Не істеді?» ойыны Сурет бойынша сөйлем құра: <i>Қоян секірді.</i>	Ұйымдастыру Қысқа музыкалық сергіту. Музыка тыңдау Қазақ күйін тыңдау. Балалар домбыра қимылын қайталайды. Күй мен әнді салыстыру. Ән айту Әнде және күйде тыныс алу айырмасын түсіндіру. Қимылдар Күйге: — тыныш, созылыңқы қимыл — қолмен әуен сызу Би Қазақ биінің қарапайым қол қимылы. Би шығармашылығы Күйге өз қимылын ойлап табу (жай, әсем). Аспаптар Асатаяқпен күй ырғағын соғу — жай, әрі анық.	Момышұлы, Әлия, Мәншүк, Рахымжан Қошқарбаев туралы әңгімелеу. «Мен батыр болсам...» ойыны. Музыка «Маршпен жүріп үйренемін» Ұйымдастыру Шеңбер. Музыка тыңдау Марш тыңдап, екпінін сезіну. Ән айту Марштық ән айту, тынысты реттеу. Қимылдар — марш — тоқтау — бұрылу — тізе көтеру Билер Марш сипатты би әуенімен қимылдар. Би
---	---	--	---	--

	ойын, сурет салу, талдау. Тапсырмасы: «Әскердегі жауынгер» суретін салу. «Мен елімді қорғаймын!» көрінісі.	Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру Тақырыбы: «Табиғат – сұлулық әлемі» Сурет салу: Гуашь және түрлі-түсті қарындаштармен табиғат көрінісін бейнелеу. Тапсырмасы: «Күзгі орман» немесе «Көктемгі дала» суретін салу. Мүсіндеу: Балшықтан немесе ермексаздан аң, құс бейнесін жасау. Тапсырмасы:	Қоштасу Қол бұлғау.	шығармашылығы «Екі қадаммен өз марш биінді ойлап тап». Аспаптар Асатаяқпен марш ритмі. Шулы аспаптар қосу. Қоштасу Сабақты тыныш әуенмен аяқтау.
--	---	---	---------------------------------------	--

		Жануарлар мүсінін жасау. Жапсыру: Түрлі түсті қағаздан табиғат көрінісін жапсыру. Тапсырмасы: «Ормандағы жануарлар» композициясын жасау. Құрастыру: Табиғи материалдармен жұмыс (жапырақ, бұтақ, жаңғақ, тұқым). Тапсырмасы: «Ормандағы үйшік» немесе «Құстар ұясы» құрастыру.			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды калыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын				

	дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып

	сұрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Көркем әдебиет «Иман» Ө. Табылды әңгімесін оқып беру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерді екейіпкердің көніл күйімен мінезін, бейненің қимылы мен интонациясы мен мимикасын беруді меңгерту Вариативтік компонент Хореография Маманның жоспарымен		Математика негіздері Робот құралдарымен ойындар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзіндесіз	Сөйлеуді дамыту Бата беру туралы әңгімелесу. «Батамен ел көгерер, жауынмен жер көгерер» мақалын жаттау. Мағынасын түсіндіру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Байланыстырып құрақаламды немесе білуді дамыту	Сауат ашу негіздері Жеті күн туралы әңгімелесу. Жетілік ұғымын түсіндіру. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қарындашты дұрыс, еркін ұстауды дамыту. Вариативтік компонент Хореография Маманның жоспарымен

			уға үйрету. Вариативтік компонент Хореография Маманның жоспарымен		
Балалармен жеке жұмыс	Т.Алиханмен әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру		Р. Алиханмен заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу	Асиямен түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу	Аяулыммен 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Кімнің ізі?» Міндеті: Зейін мен логикалық ойлау. Шарты: Қар		«Қарлы өткел» Міндеті: Тепе-теңдік пен қозғалыс үйлесімділігін дамыту.	«Жел мен боран» Міндеті: Дененің икемділігін арттыру. Шарты: «Жел соқты» десе –	«Қар алып өт» Міндеті: Командалық сезім мен үйлесімділік. Шарты: Команда

